

Есеп құрылымы

1) Кеңес беруді қажет ететін мәселе немесе мәселелер шеңбері;

Қазіргі кезде дүние жүзінде 300-ге тарта жылқы тұқымымен тұқымдық тобы және популяциялар өсіріледі. Осыған орай жылқыларды топтастырып, классификациялау қажеттілігі туындап отыр. Асыл тұқымды жылқы өсіруші шаруашылықтың, әсіресе жылқы заводтарының бүгінгі күн талабына сай міндеттерді тек асыл тұқымды жылқы өсіру ғана емес. Қазіргі уақытта сатылатын жылқылардың аталық ізі, ол іздің өнімділік және нәсілдік қасиеттерінің ерекшеліктері, осыған орай оларды өзара шағылыстырудың және басқа тұқыммен будандастырудың тәртібі толық белгілі болуы қажет.

Таза тұқым өсіруде еріксіз туыстас жылқыларды шағылыстыруға жол бермеу үшін, әрбір жылқы тұқымында кем дегенде 6 аталық із болғаны жөн.

2) Қойылған проблеманы немесе қызметті жақсарту жөніндегі кеңейтілген дәлелдер мен ұсыныстарды қамтуы тиіс проблемалар шеңберін шешу жөніндегі сарапшының ұсынымдары

Жылқы өсіру әдістері:

Мал өсіру әдістері деп шағылыстырылатын малдың тұқымдық және түрлік тегін ескере отырып, жүргізген жұп таңдау жүйесін айтады. Негізінен мал өсіру әдістерінің үш түрін ажыратады: таза тұқым өсіру, будандастыру және тұраралық будандастыру (гибридтеу).

Таза тұқым өсіру әдісі деп ұрпақтан-ұрпаққа бір тұқымның малын өзара шағылыстыруды айтады.

Будандастыру дегеніміз тұқымдары бөлек малды шағылыстыру.

Тұраралық будандастыру деп екі түрдің малын шағылыстыруды айтады.

Генеалогиялық іздің аталық ізден айырмашылығы оған керек тұқым малының барлық ұрпағы кіреді. Сондықтан генеалогиялық іздің тегі бар болғанмен, өнімдік ерекшеліктері жағынан әр текті болады.

Аталық із және аналық ұя құру арқылы таза тұқым өсіру мына төмендегі үш кезеңнен тұрады: аталық ізді құру, көбейтіп жетілдіру және әр түрлі аталық іздерді шағылыстыру.

Аталық ізді құру мал тұқымының алғашқы қалыптасу кезеңінде де, кейінгі жетілдіру кезеңінде де жүргізіле береді. Аталық із құру үшін өнімдік қасиеттері ерекше дамыған және ол қасиеттерін ұрпақтарына толық бере алатын еркек тұқым малды табу қажет. Мұндай малды саналы сұрыптау мен жұп таңдау нәтижесінде туады.

3) Өнім өндірісін ұлғайтудың/өнімділікті арттырудың/өзіндік құнын төмендетудің сандық көрсеткіштерін көрсете отырып, АӨК субъектілеріне ұсынымдарды қолдану нәтижелері бойынша күтілетін нәтиже және т. б.;

Жылқы тұқымдарын топтастырып, жіктеу (классификациялау) оларды зерттеуді жеңілдетіп, асылдандыру ісін жүйелі түрде ұйымдастыруға мүмкіндік тудырады. Селекцияның негізгі мақсаты өсіріп отырған жылқы тұқымы қоғамның тілегіне сәйкес ұрпақ сайын жетілдіріп, өнімін қалаған

бағытта көбейтіп отыру. Осы тұрғыдан селекцияны, ауыл шаруашылығы жылқыларының адам баласы басқаратын эволюциясы деп бағалау орынды.

Сұрыптау жүйесіне енген жылқының биологиялық немесе шаруашылыққа тиімді белгілерін шартты түрде сапалық және сандық деп екі топқа бөледі.

Сапалық белгілерге өзіндік сырт өзгешелігі өте айқын, бір-біріне қарама-қарсы жұп құратын, әрқайсысына сөз жүзінде толық анықтама беруге болатын жылқының өнімділік немесе биологиялық қасиеттері жатады.

Жылқының өнімдік қасиеттерінің көпшілігі сандық белгілер тобына жатады. Сондықтан белгілердің генетикалық жаратылысы өте күрделі. Сандық белгінің өсуін, дамуын көптеген гендер басқарады және олардың әрқайсысының осы белгіге тигізетін жеке әсерін білу мүмкін емес. Оған қоса сандық белгінің қалыптасуына сыртқы ортаның әсері мол.

Селекция үшін сандық белгілердің бір топ ұқсас жылқыларда, айталық бір жылқы тұқымында немесе сол тұқымның үлкен бір бөлігінде, тұқым қуалаушылық заңдылығын білудің үлкен маңызы зор.

Жылқы тұқымын асылдандыру үшін сұрыпталатын белгінің тек тұқым қуалайтын өзгергіштігінің (генотиптік өзгергіштің) ғана маңызы бар.

Сандық белгілердің фенотипінің қалыптасуына, яғни фенотиптік өзгергіштігіне нәсілдік қасиет те, сыртқы орта да әсер етеді. Жеке бір жылқы өнімінің қалыптасуына осы екі күштің (генотип пен сыртқы ортаның) қайсысының қаншалықты әсер еткенін табу мүмкін емес. Міне, популяциялық генетиканың құндылығы сонда, ол жеке бас үшін болмағанмен, популяция үшін сандық белгінің жалпы фенотиптік өзгергіштігінің тұқым қуалайтын бөлшегін есептеп шығарудың, яғни генотиптік өзгергіштіктің үлесін табудың жолдарын шешті.

4) кеңес беру фотосуреттері



